

Мүгедектерге жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2006 жылғы 10 қарашадағы N 785 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2006 жылдың 29 қарашасында N 2-7-30 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 6 қаңтардағы № 1 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Алматы облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 06.01.2017 № 1 қаулысымен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31-бабының 1-тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыс берушілер жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу мүмкіндігін қамтамасыз етсін.

2. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы және әлеуметтік жұмыс орындарын ашу мүмкіндіктерін қарастырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Жандарбек Ермекұлы Далабаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің
міндетін атқарушы*

Б. Бигелдиев